

## №2 Лекция. Ежелгі Египет өнері

**Дәріс сабағының мақсаты:** студенттерге Ежелгі Египет өнерінің пайда болуы мен дамуын қарастыру, оның негізгі стильдік ерекшеліктері. Алғашқы қауымдық қоғам өнерін, ежелгі сәулет өнері мен жартас кескіндемесімен танысу

**Кілт сөздер:** Египет, храм, пирамида, сфинкс, тас плиталар, мастаба

### Дәріс жоспары:

1. Ерте патшалық кезеңіндегі Ежелгі Египет өнері
2. Джосер– алғашқы баспалдықты пирамида жасау өнері
3. Орта патшалық кезеңіндегі Ежелгі Египет өнері.

**Ерте патшалық кезеңіндегі Ежелгі Египет өнері.** Ежелгі Египет өнерінің негізгі ерекшелігі – сәулет өнері құрылыстарының берік формаларын ойлап табу. Осылайша жерлеу ғибадатханаларының каноны пайда болды. Алғашқыда жерлеу орындары мастаба түрінде болды. Мастаба – Ерте патшалық кезеңіндегі жерлеу орнының заманауи атауы – қабырғалары ортаға сәл иілген тікбұрышты жерүсті құрылыс. Мастаба көр қазу барысында пайда болатын жер мен құмнан жасалған төбешіктен тұрады. Мастабаның құрамына жерасты жерлеу камерасы, жерүсті бөлікке апаратын тік құдық, трапеция формасындағы шикі кірпіш немесе тастан салынған тікбұрышты құрылыс кіреді. Мастабаның жерүсті бөлігінде тастан жасалған үлкен есік болды, ол арқылы қайтыс болған адамның егізі шығып-кіретін болған; жалған есіктің үстіне жерлеу дұғалары мен рельефтер жазылған, қайтыс болған адамды бейнелейтін тас плита-стелла мен есік алдына тастан жасалған құрбандық шалу құралын қоятын болған. Қайтыс болған адамның дәрежесіне қарай мастабаның стеллалар орналасқан сердаб, жерүсті бөлікте сыйынатын жер мен қайтыс болған адамның туыстары жерленетін жоғарғы камералар сияқты қосымша элементтері болды. Мастабалар комплексі әлі күнге дейін Ніл жағалауындағы Мемфис аймағында сақталған. **Джосер пирамидасы – алғашқы баспалдықты пирамида.** Жерлеу ғибадатханасының келесі түрі - б.з.д. XXVIII ғ. Имхотеп негізін салған Джосер баспалдықты пирамидасы. Ол бірінің үстіне бірі қойылған тастан жасалған кішігірім 6 мастабадан тұрады. Жерлеу орындары пирамида астындағы жартасты негіздерде салынды. Пирамидалардың тікбұрышты етіп жоспарлануы мастабаларды салу дәстүрінің сақталғандығын көрсетеді. Джосер пирамидасының биіктігі 62 метр болды. Алғашқы да есік солтүстік жағында орналасып, баспалдақпен төменге апаратын еді. Екінші есік жерлеу ғибадатханасының еденінде орналасып, солтүстіктен басталды. Шығыс қабырғасында әктас блоктарынан жасалған сердаб орналасты. Пирамида астында екі алебастр саркофагтары бар жерасты галереялары мен 30 мың тас ыдыстар кездеседі. Джосер пирамидасының жерлеу комплексінің жалпы көлемі 550\*280м және қабырғамен қоршаулы болды. Джосер пирамидасының оңтүстігінен жерлеу камераларының

құрылыс жоспары бойынша салынған құрылыс табылды. Оның сыртқы бөлігі кобра суреті бар фризбен сәнделіп, патша мейрамдарына арналған молелен комплексі салынды. Ансамбль ғимараты тас арқылы ағаш пен кірпіш құрылыстарын. Бейнеледі: төбесі ағаш жабыны түрінде жасалған. Ансамбльде алғаш рет папирус түріндегі жарты калонналы капителилер, лотос гүлі формасындағы капителилер, сондай-ақ, таста қайталанатын тростниктер тізбегі – протодорийлық каннелюрлер кездеседі. Жарты калонналар қабырғалардан бөлінбеген. Зал қабырғалары алебастрлы плиталармен сәнделген, кейбірі фаянсты плиталардан жасалған. Джосер ғимаратын жоғары қарай өсіп, негізгі материалы тас болды. Ғалымдар Джосер пирамидасының маңынан оның ескерткішінің қалдықтары мен Имхотеп аты көрсетелген тұғыр тапты.

**Гизадағы ұлы пирамидалар, сфинкс.** Б.з.д. XXVIII ғасырда IV әулет кезеңі монументалды жерлеу орындарының әрі қарай дамуы орын алды – баспалдақты пирамидадан классикалыққа көшті. Өтпелі кезеңде IV әулеттің Дахшурдағы алғашқы перғауынына арналған биіктігі 100м болатын Сновру пирамидасының салынуымен сипатталады. Снофрудың тұсында пирамидалардың геометриялық формасы қалыптасып, қабырғалары  $45^{\circ}$ -та иілетін болды. Канонның қалыптасуы классикалық типтегі пирамидалардың пайда болуымен аяқталды. Олардың ішіндегі ең атақтысы Снофрудың ұлы Хеопсқа арналған пирамида болды. 10 жылдай уақыт бойы 4000 адам болашақ пирамиданың орнын тегістеп, дайындық жұмыстарын жүргізді. Салмағы 7,5 тонна болатын тас блоктарын тасуға арналған жолдың өзі 10 жыл салынды. Жоғарғы блок – биіктігі 9 м «пирамидон» 20 жылда салынып бітсе, кейін тастан пирамида баспалдақтары, ең соңынан пирамиданың шеттері ақ әктасты плиталармен сәнделді.

Классикалық типтегі тағы бір пирамида – **Хефрен пирамидасы** –Ежелгі патшалықтың жерлеу ғибадатханаларының бір формасы екі бөлімнен тұрады: біріншісі дін өкілдеріне арналған, екіншісіне тек таңдаулылар ғана кіретін болған. Хефреннің төменгі ғибадатханасы квадрат формасында болды және үлкен гранит блоктарынан тұрғызылды. Ғибадатханасының 2 кіреберісін 2 сфинкс қорғап тұрды. Ғибадатхана ортасында перғауын мүсіні орналасуы мүмкін, екі кіреберістен монолитті гранитті бағандары бар гипостильге апаратын тар дәліз тарады. Е-образды бұл залда отырған перғауынның 23 мүсіні болды. Жоғары да аталған екеуі сияқты, Микерина пирамидасы да барлық жағы 108,4 м болатын квадратты формаға ие болды. Пирамиданың ұзындығы 66,5 м, ал қабырғалардың иілу бұрышы  $51^{\circ}$  болды. Пирамиданың оң жағында онымен байланысты 3 кішігірім пирамида орналасты.

**Орта патшалық кезеңіндегі Ежелгі Египет өнері.** Орта патшалықтың гүлденуі XII әулеттің билігімен тұспа-тұс келеді. Бұл уақытта египеттіктер көрші елдермен соғыс жүргізіп, Нубиямен шекаралас аймақта бекіністер сала бастады. Орта патшалық кезіндегі мемлекеттік биліктің көрнекі жерлеріне атақты емес адамдар шыға бастады. Қола өндірісі дамып, шыны өндірісі пайда болады. Сәулет өнері саласында айтарлықтай өзгерістер орын алды. Құндылықты бағалау орын алды. Жерлеу ғұрыптарында моральды аспект маңызға ие болды. Өлілер әлеміне аттанатын кез келген адам Осирисінің алдынан өтуі керек болды. Орта патшалық кезеңінде египеттік колонналардың негізгі түрлері қалыптасты. Колонна база, діңгек және капителиден тұрады. Тұрғын үй архитектурасында көп жағдайда ағаш колонналар –бағаналар қолданылды. Монументалды құрылыстарда колонналарды тастан жасайтын болған. Олардың типологиясы әртүрлі және ол капители формасына тікелей байланысты. Негізгі колонна түрлері:

- Колонна-бағаналар, канелюрлер, протодорийлықтар;
- Пальматиптілер;
- Папирус сияқтылары(ашық ж/е жабық);
- Лотос түріндегілер(қауызбе ж/е ашылған гүлмен);
- Композитті;
- Гаторикалық(сұлулық құдайы Гатор н/е Хатор);
- Осиристік бағаналар

Орта патшалық кезеңінде кіреберісті 2 пилон түрінде сәндеу пайда болды. Капителидің Хатор құдайдың басымен жасалған жаңа түрі пайда болды. Орта патшалықтың бірінші жартысында құрылыс практикасында жерлеу ғұрпының жаңа түрі пайда болды. Оған мысал ғибадатханалар ансамбліне кіретін Дейрэль Бахридегі Ментухотеп I-тің қабірі бола алады. Ғибадатхана Ливия таулы жартастарында орналасқан. Екі террасасы бар ғибадатхананың фасады ж/е жандарынан порттар орналастырылды; террасаға пандустар арқылы өтетін болған. Колонналар төртжақты болды. порт қабырғалары әктаспен сыланып, түрлі түсті рельефтармен сәнделді. Екінші террасада үш жағынан колонналы залмен қоршалған екінші порт орналасты. Перғауын қабірі гипостильді залдың астына қойылды. Ансамбльдердің жалпы ұзындығы 300 м дейін жетті. Жерлеу орнынан төменгі ғибадатханаға апаратын жол қабырғамен қоршалып, жан-жағына патшаның боялған мүсіндері қойылды. Жерлеу ғибадатханасы фасадының алдында салтанатты алаң, ал төменгі террасаның шатырына апаратын пандустың жанынан 2 су қоймасы қойылды.

Пирамидалар салу ісі бұрынғыдай ірі көлемде болмаса да, қайта жанданды. Құрылыс материалы ретінде күйдірілген кірпіш қолданылды. Пирамиданың негізін 8 капиталды тас қабырға құрады. Пирамидалар әктас плиталарымен сәнделді. Аменемхет III-тің тұсында Фаюмдегі ирригациялық жүйе аяқталып, әктас плиталарымен жабылған кірпіш пирамида мен 72мың кв.м. жерді алып жатқан мүсін ж/е рельефтермен сәнделген көптеген залдар мен молелендерден тұратын жерлеу ғибадатханасынан тұратын жерлеу комплексі дайындалды. 1,5мың жер үсті ж/е жер асты қазынадан тұратын байлық абыздардың таңдаулы кастасына ғана қолжетімді болды. Колоннадалар сәндеудің негізгі элементі болды. Сәулетшілер колонналардың каннелюрлер ж/е тікбұрышты абакалармен жасалған жаңы түрлерін де пайдаланды. Бқл ғибадатхананы кейіннен «Лабиринт» деп атап кетті. Орта патшалық өнері ақсүйектің сипатқа ие болды. Бұл уақытта рельеф өнері жетілдіріліп, қабырғалар боялған кескінді сурет-мәтіндермен сәнделді. Орта патшалық мәдениетінің құлдырауына азиялық гиксостар тайпасының басып алуы себеп болды.

**Жаңа патшалық дәуіріндегі Ежелгі Египет өнері.** Гиксостар қудаланғаннан кейін Египеттің астанасы қайтадан Фивы қаласына көшіріліп, жаңа құрылыс жұмыстары басталды. Бұл кезеңге көлемділік пен сәнділік тән. Негізгі ғибадатханалық құрылыс жерлеу ғұрпы мен күн құдайы Раға табынуды қатар алып жүретін Амон құдайға арналды. Кеңірек тарағаны тікбұрышты, колоннадамен қоршалған ашық бағы, колонналы зал мен мінәжәт ететін орны бар ғибадатхана түрі болды. Ғибадатхана фасадтары Нілге қарап орналастырылып, одан тастан жасалған сфинкстер мен барандар қоршалған жол тарады. Кіреберісте ортасы жіңішке жолмен бөлінетін, жоғары жаққа қарай трапеция түрінде сығылатын қабырғалар - тас пилондар орналасқан. Пилондардың алдында обелисктер мен перғауындардың мүсіндері қойылды. Пилонның артқы бөлігінде колонналармен сәнделген тікбұрышты формадағы ашық бақ орналасты. Алаң ортасындағы тас колоннададан колонналы зал, мінәжәт ететін орын мен қоймаларға апаратын тік сызықты жол салынды. Ғибадатхана қабырғалары монументалды рельефтермен сәнделді.

**Хатшепсут патшайымның ғибадатханасы.** XVIII әулет перғауындарының ғибадатханаларының ішінде әйел-перғауын Хатшепсуттың жерлеу ғибадатханасы ерекшеленеді. Ғибадатхана 3 террасада орналасып, колонналарының әсемдігімен көз тартты. Ғибадатхана рельефтеріегипеттіктер экзотикалық жануарларды әкелетін Пунтқа сапарды бейнеледі. Сәулетші Сененмут Хатшепсутпен портреттік ұқсастықтары бар Хатор құдайдың басы қойылған гатирикалық колонналарды пайдаланды.

**Луксор және Карнак ғибадатханалары.** Жаңа патшалықтың бастапқы кезінде ғибадатхана жерлеу орнынан бөлінеді. Жаңа патшалық кезеңінің ғибадатханалары жартас маңында салынды. Ерекше маңызға ие болғаны - басты құдай Амон-Раға арналған, гректер Карнак және Луксор деп атап кеткен ғибадатхана. Карнак Египеттің ресми ғибадатханасы болды. Оның қабырғаларында жылнамалардың үзінділері, жорықтар мен жеңістердің сипаттамасы салынды. Луксор Жаға патшалық кезеңі ғибадатханасының үлгісі болды: кіреберісі пилон түрінде, порттармен қоршалған бақ, папирустың қауыз ашқан гүлдері түріндегі капителилерден тұратын колонналар. Карнактағы ғибадатхана сәулетшілер Инени, Аменхотеп, Ханудың ұлы, Кіші Аменхотептің еңбегімен 2 м.ж. бастап 1 м.ж. дейін мыңдаған жылдар бойы салынды. Ғибадатханада көлденең базилик қимасы қолданылып, орталық колонналар шеткілерінен айтарлық биік болды. Бұл ғимараттың орталық бөлігін игеруге мүмкіндік берді. Сети I мен Рамзес II салған гипостильді зал ені 103, тереңдігі 52м болды. Жабын 16 қатар колоннамен жасалды. Орташа колонналар лотос түрінде биіктігі 24,4м, диаметрі 3,57м болды. Шеткі колонналардың капителилері лотос қауызы түрінде болды. Инени залында колонна, төбе, қабырғада сәулет, мүсін және кескіндеме өнерінің үндестігі көрініс тапты – иероглифтік мәтіндер салынды. Ғибадатхана Нілден 300 м ландшафтта орналасты. Ғибадатхана комплексіне ешкібасты сфинкстер аллея апаратын. Қабырғалардағы обелисктің биіктігі 33 м және 35 жыл бойы салынған; ал пилондар 43,3 м. Ғибадатханалар қайталанатын гипостилдер мен ашық алаңдардан тұрды. Комплексінің жалпы көлемі 320\*110 метр. Луксордағы ғибадатхана көлемі бойынша кішірек. Оның залдары ромб формасында, диаметрі 3,5м болатын 140 папирус түріндегі колонналары бар.

**Рамсес II ғибадатханасы.** Жаңа патшалықтың жартас ғибадатханасы – Абу-Симбелдегі Рамсес II ғибадатханасы – Нілдің батыс жағалауындағы Нубияда XIII ғ. бірінші жартысында салынды. Ғибадатхана фасады шығысқа бағытталып, ғибадатхана террасасына Ніл жағалауынан баспалдақ апаратын болды. Екі жақ кіреберісінен де 20 метрлік II Рамсестің порттертті мүсіндері қойылды. Кіреберіс алдында 6 метрлілік құсбасты күн құдайы Раның бейнесі қойылды. Жерасты анфиладаның жалпы ұзындығы 55м. Бірінші залдың төбесі 2 қатарға қойылған 8 бағанаға негізделді, қасында екі 20 метрлік Рамсес II-нің мүсіні, төбесінде жұлдызды аспан орналасты.

**Телль-Амарна дәуірі өнері, Ахетатон қаласы.**Ежелгі Египет өнеріндегі ерекше кезең перғауын-реформатор Аменхотеп IV(б.з.д. 1368-1351) билігімен сипатталады. Бұл кезең Телль-аль Амарна деген атауға ие болды(Амарна – Орта Египетті мекен еткен бени-амран тайпасы). АменхотепIII-тің тұсында абыз қызметінің маңызы қартып, патша билігіне қарсы қойылды. Басты құдай Амон абыздарының билігі күшейді. Аменхотеп IV перғауын ежелгі құдайлардың культіне арқа сүйеген абыздардың ықпалын әлсірету үшін діни реформа шығарып, Атон құдайға табынуды енгізді. Абыздардың мүліктері тәркіленіп, патша алаңы жаңа астана – сарайлар, залдар, колонналы павильондар, перғауын мүсіндері, Атон үйі ғибадатханасынан тұратын, нақты ұйымдастырылған Ахетатонға көшірілді. Перғауынның өзі Эхнатон – «Атонға тағзым ететін» деген есімді алды. Бұрынғы құдайлардың ғибадатханалары жабылып, бейнелері жойылды. Египет өнеріндегі өзгерістер дінмен байланысты болды. Бұрышты формалар шеңбер формаға ауысты. Көп жағдайда табиғи кейіптер бейнеленді. Алғаш рет Эхнатон мен оның әйелі отбасымен бейнеленді. Ахетатон мүсіндерінің ішінде бізге жеткен ең үздік үлгілерінің бірі - Эхнатон мен оның әйелі Нефертитидің портретті бастары. Ахетатонның сәулет өнері қала орталығын жоспарлау, қалалық ансамбльдер мен абаттандыру дәрежесімен сипатталды. Ғибадатхана ғимараттарын алғаш рет жарыққа шығару қолға алынып, алтарь ашық алаңға шығарылады. Қалаға тас жолдар арқылы баруға болатын, ал байаймақтарда су құбыры жасалып, ғибадатханалар мен зәулім үйлер маңынан көптеп ағаштар отырғызылды. Кедей аймақтарда айтарлықтай өзгерістер орын алмағанымен, бірдей үй формалары сақталып, жел бағыты ескерілді. Бірақ Эхнатонның бір құдайлыққа жақын діни реформасы ұзаққа шыдамады. Ахетатон өнерінің гүлденуі ұзаққа созылмады. Соған қарамастан, Эхнатон тұсындағы өзгерістер әсерінен мәдениеттің барлық саласында елеулі өзгерістер орын алды. Сол кезеңнің жерлеу орындарының аз бөлігі тонаушылардан аман қалды, соның ішінде XVIII әулет перғауыны Тутанхамон қабірі. Қабірдің 4 камерасы бар: қосымша бөлме, жерлеу камерасы мен 90м<sup>2</sup> алып жатқан қазына қоры діни ғұрыптық заттармен, көркемөнер заттарымен толтырылды. Саркофагтардың бірі екіншісінің ішіне салынып, Осирис патшаның бейнесі бар қақпақпен жабылды. Археолог Г. Картердің айтуы бойынша: «бұл керемет ескерткіш – ұзындығы 1,85 м қабір қалыңдығы 2,5-3,5 мм алтыннан жасалып, таза бағалы металлдың массивті бөлігі болды». Патшаның алтыннан жасалып, лазуритпен инкрустацияланған маскасы да ерекше. Патша мумиясынан Картер жүздеген бұйым түрін санады. Тутанхамонның портретті басы лотос гүлінен шығып тұрғандай бейнеленген. Саркофагта перғауынның қара барыстың үстінде отырған

мүсіні мен мүсіндік бейнесі салынған. О дүние белгілері: қасиетті сиырдың алтындатылған басы мен жылан. Онда құдай-ана қорғаушының алтындатылған мүсіні, о дүние құдайы Анубистің қазына қорына кірер бөлікті қорғап тұрған қасқыр бейнесі, аспанда күн соңынан еріп отыуға арналған «аспан астауы» ж/е т.б. көптеген заттар ежелгі египеттіктердің сенімі мен армандары туралы мәлімет береді. Б.з.д. 1 м.ж. Египет өнері ұлы Египет державасының құлдырауын көрсетеді. Жеке туныдылар пайда бола бастады. Көркемөнер бұрынғы кезең өнерлерін қайталағанымен, сол дәрежеге көтеріле алмады. Алдымен ассириялықтар, кейін 2 рет персиялықтар басып алған Египетті б.з.д. 4 ғасырда грек-макендондықтар басып алып, осы кезеңнен бастап эллиндік әлемге қосылды.

### **1. Бақылау сұрақтары**

- 1) Ежелгі Египет өнері қандай кезеңдерге бөлінеді?
- 2) Ерте патшалық кезеңі өнеріне тән ерекшеліктер.
- 3) Орта патшалық кезеңі өнеріне тән ерекшеліктер.
- 4) Жаңа патшалық кезеңі өнеріне тән ерекшеліктер.

### **2. Әдебиеттер**

1. Памятники мирового искусства: Искусство Древнего Египта
2. Западная Европа и Древний Восток – М.: Айрис-Пресс, 2004.
3. Любимов Л. Д. Искусство древнего мира. – М.: АСТ, 2005.
4. Большая иллюстрированная энциклопедия истории искусств. – М.: Махаон, 2007.
5. Бирюкова Н. В. История архитектуры: учебное пособие. – М.: ИНФРА-М, 2006.